

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ
МИНИСТРЛІГІ

БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ



МИНИСТЕРСТВО
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ

ҚАУЛЫСЫ

2021 жылғы 14 қантардағы № 2

Нұр-Сұлтан қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

город Нур-Султан

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
қаулыларына өзгерістер мен толықтырулар
еңгізу туралы

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН**:

1. «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №67 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) денсаулық сақтау ұйымдарында, жедел медициналық жәрдем машиналарында, жергілікті атқарушы органдар карантин үшін айқындаған үй-жайларда, сондай-ақ медицина қызметкерлері үйде медициналық көмек көрсету, ошақта эпидемиологиялық тергеп-тексеру жүргізу, науқастардан және байланыста болған адамдардан сұрау және сауалнама алу кезінде пациенттер мен медицина қызметкерлерінің келісуінсіз оларға аудио, фото және бейне түсірілім жүргізуге тыйым салуды;»;

2) 1-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) медициналық ұйымдарда, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәбілер үйлерінде, балалар үйлерінде, әлеуметтік оқалту орталықтарында, мүгедек балаларға арналған, интернат типіндегі оқу орындарында санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды қамтамасыз етсін. Әлеуетті ата-аналар берілген күнінен бастап 3 тәуліктен аспаған, теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексерілгені туралы құжатты ұсынған кезде жетім балаларды одан әрі асырап алу, қорғанышлықты, қамқорышлықты белгілеу үшін олармен кездесуге сәбілер үйлері мен балалар үйлеріне баруға рұқсат етіледі.

Берілген күнінен бастап 3 тәуліктен аспаған, теріс нәтижесі бар ПТР әдісімен COVID-19-ға зертханалық тексеру туралы құжатты ұсынған кезде

ұлттық алдын алу тетігі қатысушыларының медициналық-элеуметтік объектілерге баруына рұқсат етіледі.»;

3) осы қаулыға қосымшага сәйкес редакцияда 46-қосымшамен толықтырылсын.

2. «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңмен жөнделдүү туралы» Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 68 қаулысына мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-қосымша осы қаулыға 2-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

4. Осы қаулы қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

**Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері**

Е. Қиясов

Қазақстан Республикасының Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы 14 қантардағы
№ 2 қаулысына №1 қосымша

«Қазақстан Республикасының Бас
мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 67 қаулысына
46-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде білім беру ұйымдарындағы қоғамдық тамактану объектілеріне қойылатын талаптар

1. Жалпы ережелер

1. Асхана мен білім беру объектісінің қызметкерлері арасында COVID-19-дың таралуына жол бермеу мақсатында:

- қағаз немесе электрондық тасығышта (білім беру объектісінің ғимаратынан оқшауланған кіру жағдайында) тіркей отырып, күнделікті «кіру сұзгісін» байланыссыз термометрия жүргізу және дене температурасы жоғары және (немесе) респираторлық инфекция белгілері (жоғары температура, жәтел, мұрынның бітелуі) бар адамдарды міндетті түрде оқшаулау арқылы ұйымдастыру;

- объектіге кіреберісте қолды тері антисептигімен (оның ішінде орнатылған дозаторлар көмегімен) немесе дезинфекциялау сулықтарымен өңдеуге арналған орынды ұйымдастыру (білім беру объектісінің ғимаратынан оқшауланған кіретін жер болған жағдайда);

- тұрақты қол гигиенасы үшін ортақ пайдаланылатын орындарда (өндірістік үй-жайлар, санитариялық тораптар) қолды сабынмен жууға арналған қолжуғыштар (оның ішінде қабырға дозаторларымен жабдықталған), қолды тері антисептигімен өңдеуге арналған дозаторлар, жеке қағаз сұлгілер немесе электр сұлгілер, қақпағын ашуға арналған аяқ педалі бар қоқыс контейнерлерін орнату;

- персоналды келушілермен жұмыс істеу кезінде пайдалану үшін бір рет қолданылатын медициналық маскалармен (жұмыс аудиосымының және маскаларды аудыстырудың ұзактығына қарай 3 сағатта кемінде 1 рет), сондай-ақ қолды өңдеу үшін дезинфекциялау сулықтарымен немесе тері антисептикерімен, қолғаптармен, дезинфекциялау құралдарымен қамтамасыз ету қажет. Бір рет қолданылатын маскаларды қайта пайдалануға, сондай-ақ ылғалданған маскаларды пайдалануға жол берілмейді;

- персоналдың жұмыс орындары арасында қашықтықты (1,5 метрден кем емес) сақтай отырып, олардың асхананың қызметтік өндірістік үй-жайларында объектінің қалыпты жұмыс істеуі үшін қажетті барынша аз мөлшерде болуын қамтамасыз ету;

- өндірістік процестермен (технологиялық жабдықты жөндеу және қызмет көрсету, шикізат пен өнімді жеткізу) байланысты жұмыстарды орындастырын адамдарды қоспағанда, асхана қызметіне байланысты емес адамдардың кіруін шектеу;

- үзіліс және демалыс уақытында асхана қызметкерлерінің қозғалысын шектеу (объекті аумағынан шығу, лауазымдық міндеттерін орындаумен байланысты емес басқа участекерге бару);

- білім беру объектісінің оқушыларымен, оқытушылар құрамымен және персоналымен ғана байланысатын қызметкерлерді анықтау қажет.

2. Жіті респираторлық инфекциялар (температура 37°C жоғары, жөтел, мұрынның бітелуі) және басқа да инфекциялық аурулар белгілері бар асхана персоналы жұмысқа кіріспейді.

3. Асханаға кіреберісте және тамақтану залында қол жууға арналған жағдайлар, келушілердің қолын өндеуге арналған тері антисептиктері көзделеді, олар көрінетін және қолжетімді жерлерде орнатылады.

4. Бөгде адамдардың кіруіне жол бермеу мақсатында асхана тек оқушыларға, оқытушылар құрамына және білім беру объектісінің персоналына ғана қызмет көрсетеді.

5. Асхана қызметкерлері мен келушілер (оқушылар, оқытушылар құрамы, білім беру объектісінің персоналы) үшін асханаға кіру мүмкіндігінше бөлек көзделеді.

6. Асхананың толтырылуы тамақтану залының отыратын орындарының жобалық қуатынан 30%-дан аспайтын мөлшерде жүзеге асырылады.

7. Устелдерді, орындықтарды және өзге де мүкеммалды орналастыруды үстелдер арасындағы және келушілер арасындағы кемінде 2 метр қашықтықты қамтамасыз етуді ескере отырып жүргізеді.

8. Асханалардың жұмыскерлері (сатушылар, аспаздар, даяшылар, кассирлер және тамақ өнімдерімен тікелей байланысы бар басқа да жұмыскерлер) келушілерге қолын жиі өңдей отырып, бір рет қолданылатын маскамен (маскаларды ауыстыру 3 сағатта кемінде 1 рет) қызмет көрсетеді.

9. Асханаларда өзіне-өзі қызмет көрсету типі бойынша тарату жүргізілмейді.

10. Келушілердің қозғалысын бағыттау үшін еденге тиісті белгі қою, қоршаулар мен тосқауыл ленталарын қою арқылы әлеуметтік қашықтықты сақтау, адамдар жиналуы мүмкін жерлерге жол бермеу, кіретін және шығатын адамдардың қозғалыс ағынын бөлу мүмкіндігін көздеу қамтамасыз етіледі.

11. Асханаларда карантиндік шараларды сақтау мүмкін болмаған кезде қол гигиенасын сақтау үшін жағдайлар болғанда тамақты бір рет қолданылатын ыдыспен немесе кейіннен дезинфекциялай отырып, көп рет қолданылатын ланч-бокстармен сыйыптарға жеткізу үйимдастырылады.

12. Арасында кемінде 2 метр қашықтық сақталада отырып, 5 адамнан артық кезек құрылмайды.

13. Жоғарыда көрсетілген тармақтардың сақталуын бақылауды қамтамасыз ететін жауапты қызметкер бекітіледі.

14. Буфет өнімдерін сату жеке қамтамада жүзеге асырылады.

15. Асхананың жұмыс режимі мектеп әкімшілігімен келісім бойынша тамақтану аяқталғаннан кейін (ағындар арасында) тамақтану залын жинау және дезинфекциялау үшін кемінде 40 минут үзіліспен белгіленеді.

2. Үй-жайлардағы ауаны заарсыздандыру

16. Объектінің әкімшілігі ауа температурасы мен ылғалдылығының оңтайлы жағдайларын қамтамасыз ету үшін ауа ортасын желдету және балтау жүйелеріне ревизия (тазарту, жуу, дезинфекциялау, сұзгілерді ауыстыру және т.б.) жүргізеді. Барлық үй-жайларды желдету кемінде күніне 3 рет жүргізіледі.

17. Желдету және ауаны баптау жүйесін тазарту және дезинфекциялау жоспарлы профилактикалық жұмыстардың кестесіне сәйкес жүргізіледі.

3. Үй-жайларды жинауга қойылатын талаптар

18. Залдарда рұқсат етілген дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, күн сайын жинау жүргізіледі. Дезинфекциялау құралдарымен жұмыстың барлық түрлерін ылғал өткізбейтін герметикалық қолғаптарда орындау керек.

19. Объектілерді дезинфекциялау мынадай еселікпен жүргізіледі:

- тамақтану залының едендері, сауда сөрелері – күніне кемінде 2 рет таңертен және кешке, сондай-ақ қажеттілік бойынша;
- подностар, тамақ тарату лентасы, есік тұтқалары, кассалық аппараттар, банк терминалы – әр 3 сағат сайын;
- қофамдық санитариялық тораптар (eden, санитариялық-техникалық жабдық, оның ішінде кран вентильдері, унитаз бөшкелерінің су ағызатын тетіктері), таяныштар, лифт түймелері – күніне кемінде 3 рет.

Жинау мүкәммалы жинау жүргізілгеннен кейін міндettі түрде дезинфекциялануы тиіс.

20. Дезинфекциялау үшін Қазақстан Республикасы мен Еуразиялық экономикалық одақтың аумағында белгіленген тәртіппен тіркелген және қолдануға рұқсат етілген және Еуразиялық экономикалық одақ елдерінің мемлекеттік тіркеу туралы қуәліктерінің бірыңғай тізіліміне енгізілген құралдар қолданылады.

21. Дезинфекциялау жүргізу кезінде экспозиция уақытын (өндөлеттін объектінің бетінде дезинфекциялау құралының жұмыс ерітіндісінің болу уақыты) және дезинфекциялау құралының жұмыс ерітіндісінің шоғырлануын препаратқа арналған нұсқаулыққа сәйкес қатаң сақтаған дұрыс.

22. Өндеуден кейін беті сумен жуылады және қағаз сұлгілермен, бір рет қолданылатын сулықтармен немесе шүберекпен кептіріледі. Дезинфекциялау құралын пайдалану регламенті дезинфекциялау құралын қолдану жөніндегі нұсқаулықта айқындалған, онда дезинфекциялау құралын экспозициясынан кейін оны жуу қажеттілігі немесе қажеттілігінің болмауы түсіндіріледі.

23. Жұмыс ауысымы аяқталғаннан кейін (жұмыс ауысының ұзақтығы 6 сағаттан көп болса – әр 6 сағат сайын) үй-жайларды дезинфекциялау құралдарын қолдана отырып, есік тұтқаларын, тұтқаларды, үстелдерді, орындықтардың арқаларын (креслолардың шынтақ тіректерін), тамақтану залына (асханаға) кіреберістегі қол жууға арналған раковиналарды, езіне-өзі қызмет көрсету сөрелеріне ылғалды жинау жүргізіледі.

24. Эрбір объектіде шүберекке, жинау мүкәммалына есепті қажеттілікке қарай дезинфекциялау құралдарының азаймайтын қоры жасалады.

25. Дезинфекциялау құралдарын дайындаушының қаптамаларында, балалардың қолы жетпейтін, арнайы бөлінген құрғақ жерде тығыз жабылған қуйінде сақтайды. Дезинфекциялау іс-шараларын жүргізу кезіндегі сақтық шаралары және кездейсоқ улану кезіндегі алғашқы көмек әрбір нақты дезинфекциялау құралына арналған оларды қолдану жөніндегі нұсқаулықтарда жазылған.».

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2021 жылғы 14 қантардағы
№ 2 қаулысына №2 қосымша

Қазақстан Республикасының
Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы 25 желтоқсандағы
№ 68 қаулысына
1-қосымша

Шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңінде объектілердің қызметін қайта бастау

№	Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектінің іске қосу сипаты	Ескертпе
1	Мемлекеттік органдар (ұйымдар), ұлттық компаниялар, квазимемлекеттік сектор ұйымдары, бизнес-орталықтары және басқа да кеңселер	Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 24 желтоқсандағы № 67 қаулысына (бұдан әрі – № 67 БМСДК) 1-қосымша	Хабарлама	
2	Өнімнің бөлшек сауда объектілері, үй жанындағы дүкендер	№ 67 БМСДК 5-қосымша	Хабарлама	
3	Тамақ өнімдерін көтерме және бөлшектеп сату объектілері (азық-түлік базарлары), азық-түлік қоймалары	№ 67 БМСДК 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
4	Көтерме және бөлшек сауда объектілері (азық-түлік базарлары), азық-түлік қоймалары	№ 67 БМСДК 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы
5	Сауда алаңы 2000 шаршы метрден кем болатын бөлек тұрған дүкендер, сауда желілері	№ 67 БМСДК 5-қосымша	Хабарлама	
6	Сауда алаңы 2000 ш.м астам болатын бөлек тұрған дүкендер, сауда желілері	№ 67 БМСДК 5-қосымша	Объектінің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы

№	Қызмет түрлери	Объектілерге қойылатын талаптар	Объекттің іске қосу сипаты	Ескертпе
7	Сауда алаңы 2000 ш.м астам сауда ойын-сауық кешендері (орталықтары), сауда үйлері	№ 67 БМСДК 5-қосымша	Объекттің сәйкестігі турали акт	Бару арқылы
8	Онлайн сауда объектілері (интернет дүкендер, курьерлік қызметтер және т. б.)	№ 67 БМСДК 1 және 5-қосымшалар	Хабарлама	
9	Автосалондар, автомобильдің қосалқы бөлшектері дүкендері және техникалық қызмет көрсету станциялары (вулканизация, автожуу, шиномонтаж)	№ 67 БМСДК 6-қосымша	Хабарлама	Сұлтанова М.Ж.
10	Қызмет көрсету саласы объектілері (сүлүлүк салондары, шаштараздар, косметологиялық қызмет көрсететін объектілер (алдын ала жазылу бойынша), химиялық тазалау, кір жуу орындары, үйымдастыру техникасын жөндеу)	№ 67 БМСДКға 7-қосымша	Хабарлама	
11	Фитнес қызметін көрсету бойынша объектілер, спорт кешендері	№ 67 БМСДК 8-қосымша	Хабарлама	
12	Халыққа қызмет көрсету (типографиялық қызмет көрсететін объектілер, тігін ательесі, аяқ киім шеберханалары, аяқ киім, киім жөндеу сервисі) бойынша объектілер және өзге де объектілер	№ 67 БМСДК 10-қосымша	Хабарлама	
13	Халықтың тұруы бойынша қызмет көрсету саласындағы объектілер (қонақүйлер, отельдер)	№ 67 қаулыға 11-қосымша	Хабарлама	
14	Әуежайлардың және теміржол вокзалдары, автовокзалдар, автостанциялар, жолаушыларға қызмет көрсету пункттері	№ 67 БМСДК 12-қосымша	Объекттің сәйкестігі турали акт	Бару арқылы
15	Маусымдық ауыл шаруашылығы даラ жұмыстарына, табигат қорғау, ветеринариялық, ауыл шаруашылығы, оның ішінде ара шаруашылығы іс-шараларына тартылған үйымдар мен қызметкерлердің қызметі	№ 67 БМСДК 13-қосымша	Хабарлама	
16	Мектепке дейінгі балалар үйымдары	№ 67 БМСДК 14-қосымша	Хабарлама	

№	Қызмет түрлери	Объектілерге қойылатын талаптар	Объекттің іске қосу сипаты	Ескертпе
17	Интернаттарды, ЖОО АОО қоса алғанда, қызметіне рұқсат етілген білім беру объектілері	ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2017 жылғы 16 тамыздағы №611 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларының 10-тарауы	Хабарлама	
18	Білім беру объектілеріндегі қоғамдық татақтану объектілері	№ 67 БМСДК 46-қосымша	Хабарлама	
19	Қоғамдық көлік	№ 67 БМСДК 15-қосымша	Хабарлама	
20	SPA, массаж салондардың, моншалардың, саunalардың қызметі	№ 67 БМСДК 16-қосымша	Хабарлама	
21	Санаторий-курорттық мақсаттағы объектілер, демалыс үйлері, туристік базалар	№ 67 БМСДК 17-қосымша	Хабарлама	
22	балаларды сауықтыру лагерлері	№ 67 БМСДК 18-қосымша	Хабарлама	
23	Білім беру, түзету орталықтарының қызметі	№ 67 БМСДК 19-қосымша	Хабарлама	
24	Тамақ өнеркәсібі объектілері	№ 67 БМСДК 25-қосымша	Хабарлама	
25	Қоғамдық татақтану объектілері (білім беру объектілеріндегі татақтануды қоспағанда)	№ 67 БМСДК 21-қосымша	Хабарлама	
26	Ұйымдастырылған ұжымдардағы, ас блоктарындағы қоғамдық татақтану объектілері (білім беру және тәрбиелеу ұйымдарындағы қоғамдық татақтану объектілерін қоспағанда)	№ 67 БМСДК 21-қосымша	Хабарлама	
27	Тамақ жеткізуді жүзеге асыратын қоғамдық татақтандыру объектілері	№ 67 БМСДК 22-қосымша	Хабарлама	
28	Пенитенциарлық (қылмыстық атқару) жүйедегі мекемелері	№ 67 БМСДК 24-қосымша	Объекттің сәйкестігі туралы акт	Бару арқылы

№	Қызмет түрлери	Объектілерге қойылатын талаптар	Объекттің іске қосу сипаты	Ескертпе
29	Өнеркәсіптік кәсіпорындар мен өндірістік объектілер, оның ішінде вахталық әдіспен жұмыс істейтіндер, қалдықтармен жұмыс істеу саласындағы объектілер	№ 67 БМСДҚ 25-қосымша	Хабарлама	
30	Медициналық-әлеуметтік объектілер (қарттар, мұгедектер үйлері, сәбілдер үйлері және басқалары)	№ 67 БМСДҚ 26-қосымша	Хабарлама	
31	Өнеркәсіптік және индустримальық кәсіпорындар күрылымыс компаниялары (күрылымыс салушылар)	№ 67 БМСДҚ 28-қосымша	Хабарлама	
32	Денсаулық сақтау объектілері (стоматологиялық клиникаларды қоспағанда)	№ 67 БМСДҚ 2, 4 және 34-қосымшалар	Хабарлама	
33	Стоматологиялық клиникалар	№ 67 БМСДҚ 29-қосымша	Хабарлама	
34	Экскурсиялық қызметті жүзеге асыратын объектілердің кеңселері (туристердің үйымдастырылған топтары үшін экскурсиялар үйымдастыру)	№ 67 БМСДҚ 31-қосымша	Хабарлама	
35	Зертханалар	№ 67 БМСДҚ 30 және 33-қосымша	Хабарлама	
36	Ашық аудағы аттракциондар	№ 67 БМСДҚ 9-қосымша	Хабарлама	
37	Қаржы нарығы объектілері	№ 67 БМСДҚ 1-қосымша	Хабарлама	
38	Мәдениет объектілері (30 адамға дейін жеке және топтық дайындықтар), кітапханалар, музейлер, кинотеатрлар, театrlар	№ 67 БМСДҚ 9-қосымша	Хабарлама	
39	Діни объектілер	№ 67 БМСДҚ 20-қосымша	Хабарлама	
40	Бассейндер (1 адамға су айдынының 5 ш.м. есептегендеге)	№ 67 БМСДҚ 16-қосымша	Хабарлама	
41	Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар (мемлекеттік ұлттық табиғи парктар, қорықтар, резерваттар және басқалар)	№ 67 БМСДҚ 38-қосымша	Хабарлама	

№	Қызмет түрлері	Объектілерге қойылатын талаптар	Объектіні іске қосу сипаты	Ескертпе
42	Боулинг, бильярд	№ 67 БМСДҚ 39-қосымша	Хабарлама	
43	Компьютерлік клубтар	№ 67 БМСДҚ 39-қосымша	Хабарлама	
44	Ойын-сауық орталықтары	№ 67 БМСДҚ 5, 45-қосымшалар	Хабарлама	

Согласовано

14.01.2021 14:47 Кожапова Роза Абзаловна

14.01.2021 14:48 Естекова Гульмира Абдигалиевна

14.01.2021 14:48 Есмагамбетова Айжан Серикбаевна

14.01.2021 14:49 Басманова Индира Прмагамбетовна

14.01.2021 14:59 Садвакасов Нуркан Олжабаевич

Подписано

14.01.2021 15:10 Киясов Ерлан Ансаганович